



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

**ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚ ЕЛДЕРІНДЕ НЕКЕГЕ ОТЫРУДЫҢ
ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ
(САЛЫСТЫРМАЛЫ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАЛДАУ)**

Зукай Жанерке

zhanerke_09@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «6D030200-Халықаралық құқық» мамандығының 1 курс
докторанты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – М.А.Сәрсембаев

2015 жылы 1 қаңтардан бастап Еуразиялық экономикалық одақ туралы Шарт күшіне енгеннен кейін осы шарттың «Еңбек көші-қоны» XXVI тарауына сәйкес, Одақ құрамындағы елдердің аумағында жұмыс күшінің еркін жүріп-тұруы енгізілген болатын. Бұл тарауда Одақ елдерінің ортақ еңбек нарығын тұрақты дамытуға және еңбек мигранттарын әлеуметтік-құқықтық жағынан қорғауға бағытталған нормалар қарастырылған. Бұл көршілес жатқан посткеңестік мемлекеттер арасындағы еңбек мигранттары санының бұрынғыдан едәуір артуына алып келді. Мысалы, РФ Этносаяси және аймақтық зерттеулер Орталығының мәліметінше 2016 жылы Ресей Федерациясының аумағында тұрақты немесе уақытша тұрып жатқан Қазақстан Республикасы азаматтарының саны 552 мыңға жуық болса, оның 71 мың 600-і еңбек мигранттары болған [1]. Адамдардың өзге мемлекеттің аумағына көшіп-қонуы олардың еңбек қатынастары саласында ғана емес, қоғамдық, жеке өмірдің басқа да салалары бойынша қатынастарға түсуіне және сол құқықтық қатынастардың нәтижесінде туындаған құқықтар мен міндеттерге ие болуына тура келеді. Сондай қатынастардың бірі, әрі жиі кездесетіні – ол неке-отбасылық қатынастар.

Неке-отбасылық құқықтық қатынастар екі адамның некеге отыруынан басталады. Бір мемлекеттің азаматтары өз мемлекетінің аумағында некеге отырғанда, олардың арасындағы туындаған неке-отбасылық қатынастар сол мемлекеттің неке және отбасына қатысты заңнамасымен реттеледі. Ал әр түрлі мемлекеттің азаматтары некеге отырғанда, ол қатынастар қай елдің заңнамасымен реттеледі деген сұрақ туындайды. Әрине, халықаралық жеке құқықта шетел элементі қосылған неке-отбасылық қатынастарда қай елдің заңдары қолданылатынын көрсететін коллизиялық нормалар жеткілікті. Шетел элементі араласқан некеге отыру кезінде халықаралық жеке құқықта әдетте, *lex loci celebrationis* (некеге отыру орнының заңы), *lex personalis* (жеке заңы), оның ішінде *lex nationalis* (азаматтық заңы) немесе *lex domicilii* (тұрғылықты жері заңы) секілді коллизиялық байламдар қолданылады. *Lex loci celebrationis* негізінен Латын Американың елдерінде, сондай-ақ, Англия, Германия сияқты мемлекеттерде қолданылса, көпшілік мемлекеттерде *lex personalis* коллизиялық байламдар қолданылады. Бірақ коллизиялық нормалардың болуы, әр түрлі мемлекеттің азаматтары некеге отырған жағдайда, ол некенің басқа мемлекеттердің аумағында танылуы кезінде қиындықтар туындауы мүмкіндігін жоққа шығармайды. Өйткені, әр мемлекет құқықтық жүйесіне қарай әр түрлі коллизиялық байламдар қолданады.

Біз Еуразиялық экономикалық одаққа кіретін кей мемлекеттердің неке және отбасы саласындағы заңнамаларындағы некеге отырудың шарттарына салыстырмалы-құқықтық талдау жасау арқылы осы мәселеге назар аудармақпыз. Некеге отыру шарттары мен тәртібі бойынша салыстырмалы-құқықтық талдауға мысал ретінде Еуразиялық экономикалық одақтың барлық мемлекеттерін емес, тек көршілес жатқан және өзара көші-қон үдерісі неғұрлым жоғары мемлекеттердің неке және отбасы заңнамаларын алдық.

Некеге тұрып, отбасын құру кез-келген адамның құқығы болып табылады. Адамның бұл құқығы халықаралық-құқықтық актілермен бекітіліп, мойындалған. 1966-жылғы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 23 бабына сәйкес, неке жасын атолған ер азаматтар мен әйелдер некеге тұруға және отбасын құруға құқылы екендіктері танылады. Аталған нормадан

көріп отырғанымыздай, некеге тұру үшін ең басты шарт – адамның заң шығарушы белгілеген белгілі бір жас мөлшеріне жетуі. Әр мемлекетте неке жасы әр түрлі, мемлекеттер өздерінде жылдар бойы қалыптасқан салт-дәстүрге, діни ерекшеліктеріне қарай неке жасын белгілейді. Дегенмен, БҰҰ Бас Ассамблеясы 1965-жылы 1-қарашада қабылдаған қарарымен мемлекеттерге неке жасын 15 жастан кем болдырмауға кеңес береді. Бірақ қазіргі таңда бекітілген неке жасы 15 жастан да төмен мемлекеттер әлі де кездеседі.

Қазақстан Республикасында неке және отбасы қатынастарын 2011 жылы 26 желтоқсанда қабылданған «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі реттейді. Осы Кодекстің 10-бабы бойынша Қазақстан Республикасында азаматтарға 18 жастан некелесуге рұқсат етіледі. Және осы бапқа сәйкес, мынадай дәлелді себептер, яғни жүкті болған немесе ортақ бала туған кезде неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу орны бойынша тіркеуші органдар неке (ерлі-зайыптылық) жасын екі жылдан аспайтын мерзімге төмендетеді. Яғни, Қазақстанда дәлелді себептер болған кезде неке жасын 16 жасқа дейін төмендетуге рұқсат етіледі.

Ал Ресей Федерациясының неке және отбасы заңнамасына сәйкес, ол мемлекетте де неке жасы 18 жас боп бекітілген және себепті жағдайларда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының шешімімен неке жасы он алты жасқа дейін төмендетілуге болады делінген. Яғни, неке жасына қатысты Қазақстан мен Ресей заңнамаларының нормалары бірдей. Бірақ Ресей Федерациясы Отбасы Кодексінің 13-бабында тағы мынадай норма қарастырылған: «Ерекше жағдайларды ескере отырып, он алты жасқа дейін некеге отыруға рұқсат беретін тәртіп пен шарттар Ресей Федерациясы субъектілерінің заңдарымен бекітілуі мүмкін». Бұл норма Ресейде ерекше жағдайларда, арнайы бекітілген тәртіп пен шарттарға сай келсе, азаматтар он алты жасқа толмай тұрып некеге отыра алатындығын көрсетеді. Қазіргі таңда Ресей Федерациясының көптеген субъектілері неке жасын төмендететін арнайы заңдар қабылдады.

РФ субъектілерінің неке жасын төмендету туралы заңнамасында қарастырылып отырған мәселені реттеуге қатысты бірізділік жоғын айта кету керек. Мысалы, некеге отыру үшін ең төменгі жас мөлшері бойынша 14 жасты белгілеген РФ субъектілері, 15 жасты белгілеген субъектілер, тіпті ең төменгі жас мөлшерін белгілемеген субъектілер бар [2, 1426]. Бұл дегеніміз Ресей Федерациясында заңда көрсетілген ерекше жағдайларда 14 жаста, тіпті кейде одан да төмен жаста азаматтарға некеге отыруға рұқсат етілетіндігін көрсетеді.

Еуразиялық экономикалық одақ құрамына кіретін келесі мемлекет – Қырғыз Республикасында неке және отбасылық қатынастар 2003 жылы 26 маусымда қабылданған Отбасы Кодексімен реттеледі. Аталған Кодекстің 14-бабына сәйкес, Қырғызстанда неке жасы 18 жас деп белгіленген. Және осы бапқа сәйкес, дәлелді жағдайлар болған кезде, жергілікті өзін-өзі басқарудың атқарушы органдары балаларды қорғау бойынша өкілетті мемлекеттік органның аумақтың бөлімшесі берген комиссиялық қорытынды негізінде неке жасын бір жылдан артық емес мерзімге төмендеті алады. Яғни, Қырғызстанда дәлелді жағдайларда 17 жастан некеге отыруға рұқсат беріледі.

Ресейлік ғалымдар Илюхина В.А. мен Демичев А.А. Армения мен Ресей Федерациясының неке және отбасы саласындағы заңнамаларына салыстырмалы-құқықтық талдау жасаған мақалаларында неке жасы мен некеге отырудың шарттары мен тәртібіне қатысты бұл екі елдің заңнамасында елеулі айырмашылықтар жоқ екенін айтады [3].

Біз Қазақстан Республикасының неке және отбасы туралы заңнамасына сәйкес некеге отырудың минималды жасы дәлелді жағдайларда 16 жастан төмен болмайтынын, ал Ресей Федерациясының отбасы туралы заңнамасы (РФ субъектілерінің отбасы туралы заңнамалары да) бойынша некеге отырудың минималды жасы дәлелді жағдайларда 14, тіпті кейде одан да төмен болуы мүмкін екенін біле отырып, егер Ресейде тұрақты тұрып жатқан ҚР азаматы мен РФ азаматы некеге отырған жағдайда неке шарттары мен тәртібі қалай болатынын қарастырайық. РФ Отбасы Кодексінің 156-бабы бойынша, шетел азаматы немесе азаматтығы жоқ тұлғалар қатысқан некеге тұрудың нысаны мен тәртібі және неке

қиылуына жол берілмейтін жағдайлар ресей заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Ал некеге отыру шарттары некеге отырушылардың жеке заңына (азаматтық заңына) сүйенеді. Бұл деген дәлелді жағдайларда Қазақстанның 16 жасқа толған азаматы Ресей Федерациясының аумағында Ресейдің 14 жастағы азаматшасымен некеге отыра алады деген сөз. Өйткені олардың әрқайсысы жеке заңдары бойынша неке шарттарына сай келіп тұр. Келесісұрақ осы неке Қазақстан Республикасының аумағында таныла ма дегеннен туындайды. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексінің 230-бабының 1-тармағында былай делінген: «Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде Қазақстан Республикасы азаматтарының арасында және Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетелдіктердің немесе азаматтығы жоқ адамдардың арасында қиылған неке (ерлі-зайыптылық), ол аумағында неке қиылған мемлекеттің заңнамасын сақтай отырып жасалса, осы Кодекстің 10 және 11-баптарында көзделген жағдайлардан басқа, Қазақстан Республикасында жарамды деп танылады». Яғни, Қазақстан Республикасы азаматтарының Респубикадан тыс жерлерде шетел азаматтарымен қиылған некесі, егер ол неке жасы мен некеге шарттарына қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының талабына сай келсе ғана танылатындығы айтылып тұр. Ал жоғарыда келтірілген жағдайда Ресей аумағында жасалған неке Қазақстан аумағында мойындалмауы әбден мүмкін. Өйткені, бұл жерде неке жасына қатысты қазақстандық заңнаманың талабына сай келіп тұрған жоқ.

Мұндай қарама-қайшылықтар некеге отыру шарттарына қатысты да туыдауы мүмкін. Мысалы, ҚР «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексінің 11-бабының 4-тармағында бала асырап алушылар мен асырап алынған балалардың, асырап алушылардың балалары мен асырап алынған балалардың араларында неке қиылуына жол берілмейтіндігі айтылса, Ресей Федерациясының Отбасы Кодексінде (14-бап) тек қана бала асырап алушылар мен асырап алынған балалардың арасындағы некеге тыйым салынатындығы айтылған. Бұл норма да Ресей аумағында қиылған некенің Қазақстан Республикасында танылуына кедергі келтіруі мүмкін.

Жалпы ЕАЭО құрамына енетін барлық мемлекеттердің неке және отбасы заңнамасы халықаралық стандарттарға сай жасалған, олардың барлығында неке жасына жеткен ер адам мен әйелдің арасындағы ерікті, заңға сәйкес қиылған некеге ғана жол беріледі. Ешқандай діни немесе салт-дәстүрге негізделген некенің заңдық күші жоқ.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. https://forbes.kz/stats/bolshinstvo_trudovyih_migrantov_iz_rk_hotyat_ostatsya_v_rossii/
2. Семейное право / Глушкова Л.И., Гюрджан О.М., Карпов М.В., Лозовская С.О., Под ред. Лозовской С.О. - 2-е изд. Проспект, 2018. - 333 с.
3. Илюхина В.А., Демичев А.А. Принципы семейного права Российской Федерации и Республики Армения (сравнительно-правовой анализ) // Семейное и жилищное право, №4, 2016, С. 6-11.

УДК 341.9

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚТАҒЫ МЕНШІК ЖӘНЕ ЗАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ

КОЛЛИЗИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Калиева Айым Жасулановна

Заң факультеті Халықаралық құқық мамандығы

Мпк-31 тобының студенті. Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: Сейдеш Б.Б.

Андатпа. Мақалада халықаралық жеке құқықтағы меншік құқығы мен заттық құқық мәселесі талданып, түсіндірілді. Заттық құқықтың пайда болуы мен коллизиялық мәселелері қарастырылды.